217586277

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА УРАЛЬСКА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ 2019ж. 25 шілде № 1715 **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

«Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жер учаскесін беру туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өтініші негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне облыстық патолого-анатомиялық бюро құрылысы үшін 5 жыл мерзімге Х.Есенжанов көшесі, 17-үй мекенжайында орналасқан көлемі 0,7234 га бөлінетін жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығы берілсін.

2. «Батыс су арнасы» ЖШС, «Батыс Қазақстан ЭЖТК» АҚ, «Жайықжылуқуат» АҚ, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерін коммуникациялар мен инженерлік желілерді жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз өткізсін, электр желісінің қорғау аймағының сақталуын қамтамасыз етсін.

3. «Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығына сәйкестендіру құжатын рәсімдеуден өткізсін және алсын;

2) алты ай ішінде жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

4. Орал қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында салық төлеуші ретінде есепке алсын және қаражаттың бюджетке түсуін қамтамасыз етсін.

5. Жер пайдаланушы санитарлық, экологиялық және өртке қарсы талаптардың сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидасының сақталуын қаматамасыз етсін.

7. «Орал қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің жалға беру шартын бір жұмыс күн мерзім ішінде жасасын.

Қала әкімі **М.Мұқаев**